Leibniz-Zentrum Moderner Orient · Kirchweg 33 · 14129 Berlin · Germany

LEIBNIZ ZENTRUM MODERNER ORIENT

ОТЗЫВ

зарубежного научного консультанта на диссертационную работу Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызы на тему «Активизирующие технологии в преодолении социальной эксклюзии пожилых людей (на примере г.Шымкент)» представленную на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности 6D090500 – Социальная работа

Диссертационная работа Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызы посвящена актуальной и значимой научной проблеме – исследованию социальной эксклюзии пожилых людей и поиску эффективных механизмов её преодоления в условиях современных трансформаций общества. В работе рассматривается социальная эксклюзия пожилых как многомерное и динамичное явление, формируемое на пересечении экономических, социальных, институциональных, пространственных, культурных и цифровых факторов. Особую ценность исследованию придаёт его ориентация на эмпирический анализ в контексте Казахстана, который остаётся недостаточно представленным в международных исследованиях старения и социальной политики. Фокус на региональном уровне (на примере города Шымкент и Туркестанской области) позволяет выявить специфику проявления социальной эксклюзии в условиях неравномерного социально-экономического развития и различий в доступе к ресурсам. В целом диссертация демонстрирует хорошее владение современными теоретическими подходами в области исследований старения и социальной работы, а также стремление автора к интеграции международных концепций с локальным эмпирическим материалом.

Актуальность темы диссертационного исследования обусловлена глобальными демографическими изменениями, прежде всего процессом старения населения, который в последние десятилетия становится одним из ключевых вызовов для социальной политики и систем социальной защиты во многих странах мира. Увеличение доли пожилых людей сопровождается усложнением их социального положения, ростом рисков социальной изоляции, снижением уровня участия в общественной жизни и ограничением доступа к различным видам ресурсов.

В международной научной повестке социальная эксклюзия пожилых рассматривается как комплексное явление, включающее экономические, социальные, институциональные и культурные измерения. В этом контексте особую значимость приобретают исследования, направленные на выявление механизмов включения пожилых людей в социальные процессы и разработку эффективных

Berlin, 1.03.2026

Dr. Aksana Ismailbekova

Research fellow
Leibniz-Zentrum Moderner Orient
Geisteswissenschaftliche Zentren Berlin e.V
.T +49 30 80307-[146]
aksana.ismailbekova@zmo.de

социальной эксклюзии, а также изучение эмпирических проявлений данного феномена в конкретном региональном контексте.

Методологически работа основана на сочетании количественных и качественных подходов, что следует оценить как значимое достоинство исследования. Использование данных национального социологического исследования, а также проведение автором собственных эмпирических процедур, включая анкетирование, глубинные интервью и анализ биографических траекторий, обеспечивает достаточную глубину и разнообразие эмпирической базы. Особо следует отметить внимание автора к полевым исследованиям и работе с первичными данными, что усиливает эмпирическую значимость диссертации и свидетельствует о высокой степени вовлечённости в исследовательский процесс. Применение различных методов анализа, включая статистические и качественные интерпретации, способствует более комплексному пониманию изучаемой проблемы.

Научная новизна диссертационного исследования заключается в комплексном подходе к анализу социальной эксклюзии пожилых людей и попытке интеграции различных теоретических и эмпирических перспектив в рамках единой аналитической модели. Во-первых, автор предлагает рассматривать социальную эксклюзию пожилых людей как многомерный и динамичный процесс, формирующийся в результате взаимодействия экономических, социальных, институциональных, пространственных и цифровых факторов. Такой подход расширяет традиционные интерпретации данного феномена и соответствует современным тенденциям в международных исследованиях старения. Во-вторых, значимым вкладом является эмпирическое обоснование роли накопленных неравенств (cumulative disadvantage) и жизненных траекторий в формировании социальной эксклюзии, что позволяет рассматривать её как результат длительных социальных процессов, а не как изолированное состояние в пожилом возрасте. В-третьих, исследование вносит вклад в развитие эмпирической базы по странам Центральной Азии, предоставляя данные, полученные в Казахстане, который остаётся недостаточно представленным в международной академической литературе. В-четвёртых, автор разрабатывает и систематизирует подходы к преодолению социальной эксклюзии через активизирующие технологии социальной работы, тем самым соединяя теоретический анализ с прикладными решениями.

С теоретической точки зрения диссертационная работа вносит вклад в развитие междисциплинарных исследований социальной эксклюзии и старения, предлагая интегративный подход к анализу положения пожилых людей в современном обществе. Автор опирается на ряд ключевых теоретических направлений, включая концепцию

LEIBNIZ ZENTRUM MODERNER ORIENT

Применение различных аналитических подходов, включая статистический анализ и интерпретацию качественных данных, способствует более глубокому пониманию исследуемого феномена и усиливает аргументацию основных положений диссертации.

В целом, диссертационная работа Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызы представляет собой самостоятельное, завершённое научное исследование, выполненное на высоком академическом уровне. Работа вносит вклад в развитие исследований социальной эксклюзии пожилых людей и обладает как теоретической, так и практической значимостью.

Диссертация на тему «**Активизирующие технологии в преодолении социальной эксклюзии пожилых людей (на примере г.Шымкент)**» соответствует требованиям, предъявляемым к диссертациям на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности 6D090500 – Социальная работа, и её автор заслуживает присуждения степени доктора философии (PhD).

Зарубежный научный консультант:
Aksana Ismailbekova
PhD, Postdoctoral Researcher
Leibniz-Zentrum Moderner Orient (Germany)

Leibniz-Zentrum Moderner Orient
Geisteswissenschaftliche Zentren Berlin e. V.
Kirchweg 33
14129 Berlin

Leibniz-Zentrum Moderner Orient (Лейбництің Қазіргі Шығыс орталығы)
Кирхвег көшесі, 33, 14129 Берлин, Германия

Dr. Aksana Ismailbekova
Зерттеуші
Leibniz-Zentrum Moderner Orient
Қоғамтану орталығы
Берлин (Германия)
Тел.: +49 30 80307-245
Электрондық пошта: ismailbekova@zmo.de

Берлин 01.03.2026

Шетелдік ғылыми консультанттың пікірі

Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызының «Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын жеңудегі белсендендіруші технологиялар (Шымкент қаласы мысалында)» тақырыбындағы 6D090500 – Әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына арналған пікір.

Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызының диссертациялық жұмысы өзекті әрі ғылыми тұрғыдан маңызды мәселеге – қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын зерттеуге және оны еңсерудің тиімді механизмдерін қазіргі қоғамның трансформациялық жағдайында айқындауға арналған. Зерттеуде қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы экономикалық, әлеуметтік, институционалдық, кеңістіктік, мәдени және цифрлық факторлардың өзара тоғысуы нәтижесінде қалыптасатын көпөлшемді әрі динамикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Жұмыстың ерекше құндылығы – оның Қазақстан контексіндегі эмпирикалық талдауға бағытталуында, себебі бұл бағыт халықаралық қартаю және әлеуметтік саясат зерттеулерінде жеткілікті деңгейде қамтылмаған. Аймақтық деңгейге (Шымкент қаласы мен Түркістан облысы мысалында) басымдық беру әлеуметтік-экономикалық дамудың теңсіздігі мен ресурстарға қолжетімділіктегі айырмашылықтар жағдайында әлеуметтік эксклюзияның көрініс табу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, диссертация автордың қартаюды зерттеу және әлеуметтік жұмыс саласындағы заманауи теориялық тәсілдерді терең меңгергенін, сондай-ақ халықаралық тұжырымдамаларды жергілікті эмпирикалық материалмен ұштастыруға ұмтылысын айқын көрсетеді.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі жаһандық демографиялық өзгерістермен, ең алдымен, соңғы онжылдықтарда әлемнің көптеген елдерінде әлеуметтік саясат пен әлеуметтік қорғау жүйелері үшін негізгі сын-қатерлердің біріне айналып отырған халықтың қартаю үдерісімен байланысты. Қарт адамдар үлесінің артуы олардың әлеуметтік жағдайының күрделенуімен, әлеуметтік оқшаулану тәуекелдерінің өсуімен, қоғамдық өмірге қатысу деңгейінің

төмендеуімен және әртүрлі ресурстарға қолжетімділігінің шектелуімен қатар жүреді.

Халықаралық ғылыми күн тәртібінде қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы экономикалық, әлеуметтік, институционалдық және мәдени өлшемдерді қамтитын кешенді құбылыс ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда қарт адамдарды әлеуметтік үдерістерге тарту тетіктерін айқындауға және оларды қолдаудың тиімді тәжірибелерін әзірлеуге бағытталған зерттеулер ерекше маңызға ие. Айгерим Жақыпбектің диссертациялық жұмысы халықаралық ғылыми әдебиеттерде жеткілікті деңгейде зерттелмеген қазақстандық контекске жүгіну арқылы осы зерттеу бағытының дамуына өзіндік үлес қосады. Сонымен қатар, өңірлік ерекшеліктерді, атап айтқанда Шымкент қаласы мен Түркістан облысы мысалында талдау құрылымдық теңсіздіктердің, инфрақұрылымдық шектеулердің және институционалдық тәжірибелердің қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының қалыптасуына қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу ұлттық деңгейде де, халықаралық деңгейде де өзекті болып табылады, өйткені ол қартаю мен әлеуметтік эксклюзия мәселелері бойынша эмпирикалық базаны кеңейтіп, өтпелі экономика жағдайындағы елдерде аталған үдерістерді жан-жақты түсінуге ықпал етеді.

Тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда, диссертация қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы феноменін көпөлшемді және динамикалық тәсіл аясында қайта пайымдауға бағытталған зерттеу ретінде ғылыми қызығушылық тудырады. Автор әлеуметтік эксклюзияны тек экономикалық немесе медициналық аспектілермен шектейтін редукционистік түсіндірмелерден жүйелі түрде бас тартып, оны әртүрлі құрылымдық және субъективті факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастыруды ұсынады. Зерттеуде қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы экономикалық, әлеуметтік, институционалдық, кеңістіктік, мәдени, символдық және цифрлық өзара байланысты өлшемдер арқылы түсіндіріледі. Мұндай тәсіл тар шеңбердегі салалық талдаудан шығуға және қарттық кезеңдегі әлеуметтік қосылу мен шеттетілу үдерістерін неғұрлым кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Автордың өмірлік жол тұжырымдамасы (life-course), жинақталған теңсіздіктер теориясы (cumulative disadvantage), сондай-ақ «адам - орта» тәсілі (person-in-environment) сияқты халықаралық теориялық ұстанымдарды Қазақстан контексінде алынған эмпирикалық материалмен ұштастыруға ұмтылысы ерекше назар аудартады. Бұл интеграция әлеуметтік эксклюзияны статикалық күй ретінде емес, адамның өмір бойы қалыптасатын және институционалдық шектеулер жағдайында күшейетін үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының көпөлшемді табиғатын теориялық тұрғыдан негіздеу және оны әлеуметтік жұмыстың белсендіру технологиялары жүйесі арқылы еңсеру тәсілдерін әзірлеу болып табылады. Қойылған мақсат теориялық негіздерді талдауға, әлеуметтік эксклюзияның негізгі детерминанттарын айқындауға, сондай-ақ аталған құбылыстың нақты өңірлік контексте эмпирикалық көріністерін зерттеуге бағытталған өзара логикалық байланыстағы зерттеу міндеттері жүйесі арқылы ашылады.

Әдіснамалық тұрғыдан жұмыс сандық және сапалық тәсілдердің үйлесіміне негізделген, бұл зерттеудің маңызды артықшылықтарының бірі ретінде бағалануы тиіс. Ұлттық деңгейдегі социологиялық зерттеу деректерін пайдалану, сондай-ақ автордың анкеталық сауалнама жүргізу, тереңдетілген сұхбаттар алу және өмірлік (биографиялық) траекторияларды талдау сияқты өз бетінше жүзеге асырған эмпирикалық рәсімдері эмпирикалық базаның жеткілікті тереңдігі мен әртүрлілігін қамтамасыз етеді. Автордың далалық зерттеулерге және бастапқы деректермен жұмыс істеуге ерекше назар аударуы диссертацияның эмпирикалық маңыздылығын арттырып, зерттеу үдерісіне жоғары деңгейде тартылғанын көрсетеді. Статистикалық және сапалық интерпретацияларды қамтитын әртүрлі талдау әдістерін қолдану зерттеліп отырған мәселені неғұрлым кешенді түсінуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын талдаудағы кешенді тәсілмен және әртүрлі теориялық әрі эмпирикалық перспективаларды біртұтас аналитикалық модель аясында біріктіру талпынысымен айқындалады. Біріншіден, автор қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын экономикалық, әлеуметтік, институционалдық, кеңістіктік және цифрлық факторлардың өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасатын көпөлшемді әрі динамикалық үдеріс ретінде қарастыруды ұсынады. Мұндай тәсіл аталған құбылыстың дәстүрлі түсіндірмелерін кеңейтіп, қартаюды зерттеудегі халықаралық ғылыми үрдістерге сәйкес келеді. Екіншіден, жинақталған теңсіздіктердің (cumulative disadvantage) және өмірлік траекториялардың әлеуметтік эксклюзияның қалыптасуындағы рөлін эмпирикалық тұрғыдан негіздеу маңызды ғылыми үлес болып табылады, бұл оны қарттық кезеңдегі оқшау күй ретінде емес, ұзақ мерзімді әлеуметтік үдерістердің нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, зерттеу Қазақстанда алынған деректерді ұсына отырып, халықаралық академиялық әдебиеттерде жеткілікті деңгейде қамтылмаған Орталық Азия елдері бойынша эмпирикалық базаның дамуына үлес қосады. Төртіншіден, автор әлеуметтік жұмыстың белсендіру технологиялары арқылы әлеуметтік эксклюзияны еңсеру тәсілдерін әзірлеп, жүйелейді, осылайша теориялық талдауды қолданбалы шешімдермен ұштастырады.

Теориялық тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыс әлеуметтік эксклюзия мен қартаю мәселелерін зерттеудегі пәнаралық бағыттардың дамуына үлес қосып, қазіргі қоғамдағы қарт адамдардың жағдайын талдауға арналған интегративті тәсілді ұсынады. Автор өмірлік жол тұжырымдамасы (life-course), жинақталған теңсіздіктер теориясы (cumulative disadvantage), сондай-ақ «адам–орта» экологиялық тәсілі (person-in-environment) сияқты негізгі теориялық бағыттарға сүйенеді. Бұл тәсілдердің үйлесуі әлеуметтік эксклюзияны жеке биографиялық траекториялар мен теңсіздіктер қалыптасып, қайта өндірілетін құрылымдық жағдайлардың ұзақ мерзімді өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Теориялық үлестің маңызды аспектілерінің бірі – халықаралық аналитикалық модельдерді, атап айтқанда әлеуметтік эксклюзияны өлшеудің көпөлшемді тәсілдерін Қазақстан контексіне бейімдеу және қолдану талпынысы. Бұл өз кезегінде аталған тұжырымдамалардың қолданылу географиясын кеңейтіп, өтпелі экономика жағдайындағы елдердегі әлеуметтік үдерістердің ерекшеліктерін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қарт адамдардың әлеуметтік

эксклюзиясын талдауға цифрлық өлшемді енгізу әлеуметтік теңсіздік құрылымындағы өзекті өзгерістерді көрсетіп, заманауи зерттеулерде цифрлық факторларды ескерудің маңыздылығын айқындайды.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын еңсеруге және олардың әлеуметтік инклюзия деңгейін арттыруға бағытталған тәсілдер мен құралдарды әзірлеуде көрініс табады. Автор ұсынған белсендіру технологиялары жүйесі қарт адамдарды қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруда қолданылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік басқару органдары, әлеуметтік қорғау ұйымдары, сондай-ақ қарт адамдармен жұмыс істейтін үкіметтік емес сектор үшін қолданбалы мәнге ие. Атап айтқанда, диссертация қорытындылары қарт адамдардың әлеуметтік, цифрлық және азаматтық белсенділігін кеңейтуге, сондай-ақ әлеуметтік және медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған бағдарламаларды жетілдіруге ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар, ұсынылған тәсілдердің тек Қазақстанда ғана емес, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары ұқсас басқа елдерде де қолдану әлеуеті бар екенін атап өткен жөн, өйткені мұндай елдерде халықтың қартаюы мен әлеуметтік эксклюзия мәселелері барған сайын өзекті сипатқа ие болуда.

Зерттеу нәтижелерінің дәйектілігі мен негізділігі теориялық тұжырымдардың логикалық үйлесімділігімен, зерттеу дизайнының мұқият ойластырылуымен және кешенді әдіснаманың қолданылуымен қамтамасыз етіледі. Сандық және сапалық әдістердің үйлесуі, сондай-ақ ұлттық зерттеулер аясында алынған деректерге және автордың дербес жүргізген далалық жұмыстарының нәтижелеріне сүйену алынған қорытындылардың жеткілікті валидтілігі мен сенімділігін айқындайды. Статистикалық талдау мен сапалық деректерді интерпретациялауды қамтитын әртүрлі аналитикалық тәсілдерді қолдану зерттеліп отырған феноменді тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, диссертацияның негізгі тұжырымдарын дәлелдеуді күшейтеді.

Жалпы алғанда, Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызының диссертациялық жұмысы – жоғары академиялық деңгейде орындалған, дербес әрі аяқталған ғылыми зерттеу. Жұмыс қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын зерттеу саласының дамуына елеулі үлес қосып, теориялық және практикалық маңыздылыққа ие.

«Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын еңсерудегі белсендіру технологиялары (Шымкент қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертация 6D090500 – Әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және оның авторы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеледі.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
/қолы қойылған/
Ақсана Исмаилбекова – PhD,
постдокторант-зерттеуші,
Лейбництің Қазіргі Шығыс
орталығы (Leibniz-Zentrum
Moderner Orient) (Германия)